

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 қыркүйек N 1187. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.04.30. N 698 қаулысымен. ~P970698

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын қаржылай сауықтыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 қаңтардағы N 19 P960019_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамына 200 млн. теңге сомасында кредит бөлген. Бөлінген кредит ресурстары өзінің айналыс қаражаттарын толтыруға және жалақы төлеуге пайдаланылған. Әлеуметтік сала объектілері қаланың балансына өтті, өту нәтижесінде жұмыс істейтіндердің саны айына 350 мың теңгелік жалақы қорымен 313 адамға қысқарды.

Аталған кезең ішінде кәсіпорынның жұмысына жасалған талдау төменде жатқан қабаттарды ашу жөніндегі жұмыстың ұзақ уақыт бойы қалушылығынан алынуға дайын запастардың көлемі кенеттен қысқаруға әкеп соқты. Комбинаттың байыту фабрикаларының тиімді жұмысы үшін жылына кем дегенде 600 мың тонна руда өңдеуге тиіс, бұл үшін Жамбыл облысында орналасқан қорғасын-мырыш рудасына бай "Родниковое" кен орнының запастарын байыту фабрикасына өңдеуге тездеп тарту қажет.

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, шикізат базасы мен қаржылық сауықтырылуын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті кредиторлармен келісім бойынша "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының мүлкін сырттай басқаруға "РР Қазақстан-сауда және Лтд-ны қаржыландыру" қазақстан-австрия бірлескен кәсіпорнымен санациялау тапсырылсын.

2. "РР Қазақстан-сауда және Лтд-ны қаржыландыру" қазақстан-австрия бірлескен кәсіпорнының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру агенттігі мен "РР Қазақстан-сауда және Лтд-ны қаржыландыру" қазақстан-австрия бірлескен кәсіпорны арасындағы жасалған санациялау туралы шартта оны көздей отырып, "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының берешегін өтеу кестесі жөніндегі ұсынысына келісім берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру агенттігіне:

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2173 U952173_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру рәсімдерін жүргізу жөнінде қажетті шаралар қолдануды;

"РР Қазақстан-сауда және Лтд-ны қаржыландыру" қазақстан-австрия бірлескен кәсіпорнымен бірлесіп аудит деректері негізінде заңда белгіленген тәртіппен "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының меншіктің мемлекеттік емес нысандағы кәсіпорындары алдында қалған кредиттік берешегін өтеуі үшін шара қолдануды тапсырсын.

4. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі Жамбыл облысы Шу ауданындағы "Родниковое" кен орнын геологиялық зерделеу мен игеруге "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамына белгіленген тәртіппен лицензия рәсімдесін. Кен орнын өнеркәсіптік запастарды бекіткенге дейін тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға рұқсат етсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1996 жылдың 1 қарашасына дейін 1997 жылға қаржыландыру көздерін және кейінгі жылдардағы "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы жауапкершілікте болатын, өміріне немесе денсаулығына зиян келгені үшін адамдарға өтем төлеу жөніндегі шығыстарды айқындау жөнінде ұсыныс енгізсін.

6. Талдықорған облысының әкімі бір ай мерзім ішінде "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының балансынан "Алатау" шағын ауданының және Көксу поселкесінің аумағына орналасқан шағын станцияларды Талдықорған облыстық электр жүйелері кәсіпорнының (ТОЭЖК) балансына өткізуді қамтамасыз етсін.

7. "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын

қаржылай сауықтыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 қаңтардағы N 19 қаулысының 2-тармағының, 3-тармағының бірінші абзацының, 4, 5, 6-тармақтарының күші жойылған деп танылсын.

8. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне жүктелсін.

Орындалу барысы туралы Үкіметке үстіміздегі жылдың 15 қазанында
мәлімдесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК